

Келісілді  
Қарағанды облысы білім  
басқармасының Приозерск  
қаласы білім бөлімінің «Достық»  
балалар – жасөспірімдер  
шығармашылық орталығы»  
КМҚК директоры  
С.Б.Попченко



**Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы аналитикалық анықтама**

**Приозерск қаласы**

**11.01.2023 ж.**

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК 30.12.2022 жылғы № 2-2/398 бұйрығына сәйкес «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде 2022 жылдың II жарты жылдығына Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК ішкі талдау Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» № 410 – V ҚР Заңына, сондай – ақ ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді. Мектепке дейінгі ұйым өз қызметінде «Қазақстан Республикасының Конституциясын», «Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін», «Қазақстан Республикасының білім туралы заңы», «Мемлекеттік мүлік туралы заңдарын», «Педагог мәртебесі туралы заңды», Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің жарғысын басшылыққа алады.

#### **«Персоналды басқару»**

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы»

КМҚК басқарушылық функциялар қызметтің бағыттары бойынша іске асырылады:

- әкімшілік;
- кадрлық жұмыс және іс ұағаздарды жүргізу;
- қаржылық бөлім (бухгалтерия, мемлекеттік сатып алу);
- оқу – тәрбие бөлімі және цифрландыру;
- әкімшілік – шаруашылық бөлімі.

Штат саны 148 бірлікті құрайды. 2023 жылғы 4 қаңтар айындағы жағдай бойынша ІІ жартыжылдықтағы қызметкерлердің нақты саны – 106 адам, оның ішінде қосымша жұмыс атқаратын жұмыскерлер – 6 адам. Декреттік демалыстағы қызметкерлер – 8 адам. Бүгінгі күні бос жұмыс орындары жоқ. Бос жұмыс орындарына өтінімдер «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ портал арқылы [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) порталында беріледі және одан әрі Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК бос лауазымға орналасу жайлы әңгімелесу жұмыстары өткізіліп отырылады.

Талданып отырған кезеңде 0 қызметкер өз еркімен жұмыстан шығарылды.

2022 жыдың ІІ жарты жылдығында 36 қызметкер қабылданды. 2022 жылдың 15 қарашадағы Қарағанды облысын білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ № 115 бұйрығына сәйкес 32 қызметкер ауысу тәртібі бойынша жұмысқа орналастырылды.

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК қызметкерлерінің сапалық құрамын талдай отырып, қызметкерлердің орташа жасы 46 жасты құрайтынын атап өткен жөн. Зейнеткерлік жастағы жұмыскерлер – 6, зейнеткерлік жас алдындағы жұмыскерлер – 4. Ұлттық құрамы бойынша: қазақтар – 84%, орыстар - 13%, басқа ұлт өкілдері - 3%.

### **Нормативтік – құқықтық құжаттар:**

- Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 – V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы»;
- Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы;
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту турал» бұйрығы;
- Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Әдеп Кодексін бекіту туралы бұйрық;
- Мектепке дейінгі ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;
- Мектепке дейінгі ұйымның Әдеп Кодексі;
- «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 17.06.2022 ж. № 2-2/29 бұйрық;
- Токсандар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы талдамалық анықтама;
- Комплаенс функциясын жүзеге асыруға жауапты тұлғаны тағайындау туралы 12.03.2021 ж. № 2-2/65 бұйрық;
- 2022 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шаралар жоспары».

### **Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі уәкіл**

- «Е – өтініш» ақпараттық жүйесі базасында жеке тұлғалардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастыру мақсатында жауапты болып А.Э.Тулъчикова 25.04.2022 жылғы № 2-2/21-1 бұйрықпен тағайындалды.
- Азаматтардың шағымдарын қарау мерзімдерін бұзуда жол бермеу мақсатында 25.04.2022 жылғы № 2-2/21-1 бұйрықпен жұмысты ұйымдастыруға жауапты С.Б.Попченко тағайындалды.

Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, орталық қызметкерлері 2022 жылдың ІІ тоқсанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтуге болады.

Орталық қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасаған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК қызметінде даулы мүдделер жоқ.

### **«Мүдделер қақтығысын реттеу»**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың, лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылықтар анықталған жоқ, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындалмауына әкеп соғуы мүмкін. Жеке өзі немес делдалдар арқылы өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу мүмкіндігі жоқ.

## **«Мемлекеттік қызмет көрсету»**

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен стандарттарға, қалалық білім бөлімінің ұсынымдарына, өкімдеріне және басқа да нормативтік актілерге сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК келесі мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

1. «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау»;

2. «Электронды балабақша» автоматтандырылған жүйесі арқылы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және балаларды қабылдау»;

3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» ҚР Заңының 8 т. 8тт. Сәйкес көрсетіледі.

Орталықта мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

2022 жылдың II жарты жылдығында Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК - 834 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде:

- «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» - 758;

- «INDIGO: электронды балабақша» автоматтандырылған жүйесі арқылы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және балаларды қабылдау» - 76;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау - 0.

Орталықта мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау мақсатында 2022 жылға арналған іс – шаралар жоспары бекітілді.

Орталықта мемлекеттік қызмет көрсету бойынша тиімді жұмыс жүргізу мақсатында келесі жұмыс түрлері жүзеге асырылады:

- Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша жұмысты ұйымдастырудың нормативтік – құқықтық базасы бар
- «Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғаларды тағайындау туралы» бұйрық шығарылды. Жауапты тұлғалар

халыққа сапалы, өлжетімді және уақытылы қызмет көрсету үшін жауапты болады, өйткені Мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету мемлекеттің беделін, сондай – ақ мемлекеттік мекемелерге сенім деңгейін арттырады;

- Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша журналдар жүргізіледі. Журналдар тігілген, нөмірленген, мөрмен бекітілген, орталық директоры қолы қойылған;
- Орталықта көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетуге жауаптылар мемлекеттік қызметтердің мониторингін жүргізеді. Мемлекеттік саясатты сапалы және уақытыла қызмет көрсетуді жүзге асырады;
- Орталық сайтында мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен тәсілі туралы «Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттері» орналастырылды;
- Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халықты ақпараттандыру үшін стандарттар мен регламенттер сенді және орталықта Мемлекеттік қызмет көрсету орны бар;

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері жыл сайын орталық директоры жанында кеңестерде қаралады. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі орталық директорының тұрақты бақылауында тұр.

#### **«Орталықтың ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»**

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК азаматтардың өтініштері бойынша жкмыс ҚР Бас прокуратурасының 2021 жылғы 19 мамырдағы № 70 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. ҚР Әкімшілік рәсімдік – процесстік Кодексіне сәйкес өтініштер «Е – өтініш» ақпараттық жүйесінде тіркеледі.

2022 жылдың II жарты жылдығында жеке және заңды тұлғалардан – 0 өтініш түсті, оның ішінде: 0 – жеке тұлғалардан, 0 – заңды тұлғалардан, шағымдар – 0.

«Е – өтініш» ақпараттық жүйесінде жеке тұлғалардың өтінішін тіркеу – 0 өтініш.

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК 2022 жылдың жоспарына сәйкес мыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – шаралар жасалып және бекітілді, II жарты жыдығында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында келесі іс – шаралар жүргізілді:

- Орталықтың ресми сайтында нормативтік – құқықтық актілерінің ақпараты орналастырылған;
- Директор жанындағы кегесте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимылды жандандыру мақсатында орталық директоры ақпараттық

әңгіме өткізді, яғни педгогтарға топтың қажеттіліктері үшін ақша жинауға жол бермеу және мереке қарсаңында сыйлық қабылдау туралы түсініктемелер мен ескертулер берілді;

- Директор жанындағы кеңесте «Сыбайлас жемқорлықты тудырмайтын себептер мен жағдайларды болдырмау» мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

### **«Мемлекеттік сатып алу»**

Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК интернет ресурсында оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі қызметі туралы арнайы бөлімдердің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Білім беру ұйымының бюджеті жыл сайын орталық сайтында жаңартылып отырады.

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының нормалар сақтай отырып, веб – портал арқылы жасалады. Қазіргі уақытта, яғни II жарты жылдығында барлығы 344 шарт жасалды. Мемлекеттік сатып алу қорытындылары мемлекеттік сатып алу порталында орналастырылады.

### **Сыбайлас жемқор тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады**

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК қызметкерлері мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, Әдеп кодексін, педагогикалық әдеп қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын тұрақты сақтауды, лауазымдық міндеттерін орындауды жалғастырсын.

2. Мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу, ал ол болған жағдайда оны реттеу бойынша барлық тиісті шараларды қабылдау.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтау, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаумен халық арасында тұрақты түсіндіру жұмысын жүргізу.

4. Жауапты қызметкер азаматтар мен заңды тұлғалардың өтіңтерін қарау мерзімдерін бақылау бойынша жұмысты жалғастырсын.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету бойынша қызметтің тиімділігі үшін орталықтың жауапты қызметкерлері өз жұмысын уақытылы, нақты және сапалы орындауы қажет.

6. комплаенс функциясын жүзеге асыруға жауапты заңгер З.Т.Эспанова квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес қызметін жүзеге асырсын.

7. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі уәкіл А.Р.Ахатаева Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК ресми интернет ресурстарында жариялаумен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуді жалғастырсын.

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың қорытындылары Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар – жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК ресми сайтына орналастырылсын.

**Жұмыс тобының төрайымы**



**Е.И.Лазуренко**

**Жұмыс тобының мүшелерінің  
келісімімен**



**Б.О.Орынбасаров**



**З.Т.Эспанова**